

Бастапқы әскери даярлау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1340. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 14 қарашадағы N 2635 және "Білім беру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 30 тамыздағы N 2441 Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. 1996-1997 оқу жылынан бастап барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық мектептер мен арнаулы орта оқу орындарында жасөспірімдерді бастапқы әскери даярлау "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" деген курспен біріктіріле жүргізілсін. Бастапқы әскери даярлық жалпы білім беретін мектептердің 9-10-11 кластарында, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіптік-техникалық мектептерде, арнаулы оқу орындарының 1-3 курстарында оларды кейін облыс, аудан (қала) әкімдерінің басшылығымен ұйымдастырылған қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі оқу-дала жиындарына қатыстыра отырып жүргізіледі деп белгіленсін.

Оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген, осы даярлық бойынша оларда аттестацияланбаған немесе қанағаттанғысыз қорытынды баға алған шақырылу жасындағы жасөспірімдер оны мерзімді әскери шақырылу алдында жергілікті атқарушы органдардың шешімімен құрылатын оқу п у н к т т е р і н д е ө т е д і .

Облыс, қала, аудан әкімдері үш ай мерзім ішінде бастапқы әскери даярлық бойынша оқу пункттерін құрсын, аталған пункттерді жергілікті бюджет есебінен материалдық-техникалық, кадрмен және қаржымен қамтамасыз ету жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

2. Жастарды бастапқы әскери даярлау туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп о т ы р) .

3. Қарауында оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттері, сондай-ақ бағыныстығы мен меншік нысанына

қарамастан, оқу орындары көзделген қаржы шегінде штаттарына бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушы лауазымын енгізсін.

4. Қызметкерлердің белгіленген штаттық саны шегінде шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерді бастапқы әскери даярлықтан өткізуді үйлестіру мен бақылау үшін:

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі - орталық аппаратта, облыстық, қалалық, аудандық білім беру органдарында, білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің білімін жетілдіру институттарында;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі - орталық аппаратта және әскери комиссариаттарда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жалпы сан шегінде мамандардың штаттық бірліктерін қарастырсын.

Облыс әкімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жалпы сан шегінде атқарушы органдардың штатына шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдермен жұмыс жүргізетін маманның лауазымын, ал аудандық (қалалық) атқарушы органдардың штатына шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдермен жұмыс жүргізетін маманның - қорғаныс-спорттық сауықтыру лагері бастығының лауазымын енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушыларын даярлауды 1996 жылдан бастап, жыл сайын 100 адамнан қабылдай отырып, жоғары оқу орындарында:

І. Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті мен Е.Букетов атындағы Қарағанды университеттерінің штаттық саны шегінде ұйымдастырсын. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы оқу орындарында қажетті әскери-есеп мамандықтары бойынша запастағы офицерлерді даярлау үшін әскери кафедралар құру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

6. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі шығындар Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, мемлекеттік комитеттеріне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды ұстауға бөлінетін бюджеттік қаржы шегінде жүргізілуі тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 1 қарашадағы

N 1340 қаулысымен

Бекітілген

**Жастарды бастапқы әскери даярлау туралы
ЕРЕЖЕ
I. Жалпы ережелер**

1. Бастапқы әскери даярлық Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен ұйымдастырылады және оқу орындарында, ұйымдарда және меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерде жүзеге асырылады.

Жастарды бастапқы әскери даярлау:
жастардың Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін, мемлекет қорғанысының негіздерін зерделеу;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің міндетін, олардың сипаты мен ерекшеліктерін, әскери қызметтің Қазақстан Республикасы азаматтарының ардақты міндеті екендігін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери анты мен жарғыларының негізгі талаптарын түсіндіру;

әскери бөлімдердің қару-жарағы және әскери техникасымен, жеке құрамның орналасқан жерімен және өмірімен танысу;

қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды игеру;
төтенше жағдайларда адам өмірінің қауіпсіздік негіздерін меңгеру
мақсатында жүргізіледі.

Әскери-патриоттық тәрбие бастапқы әскери даярлықпен тығыз байланыста болады және жастардың әскери істі, төтенше жағдайларда қорғану құралдары мен тәсілдерін жақсы меңгеруіне мүмкіндік туғызуы қажет.

2. Әскер қатарына шақыруға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы оқушы жастарды бастапқы әскери даярлауды барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде, арнаулы орта оқу орындары және бағыныстығы мен меншік нысанына қарамастан кәсіптік-техникалық мектептерде (бұдан әрі - оқу орындары) штаттағы ұйымдастырушы-оқытушылар жүргізеді.

Оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген жасөспірімдер оны әскерге шақырылар алдында қалалар мен аудандардың қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері базасында немесе кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жергілікті атқарушы органдардың шешімімен құрылған оқу пункттерінде өтеді. Оқу пункттеріндегі сабақтар оқу пункттерінің штаттан тыс бастықтарымен, олардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен және әскери комиссариаттар арқылы тартылған немесе кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істейтін запастағы офицерлер, прапорщиктер (мичмандар), сержанттар (старшиналар) қатарынан алынған бастапқы әскери даярлықтың нұсқаушыларымен ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Мерзімді әскери қызметтен өткен, сондай-ақ оқу орнында немесе оқу пунктінде бастапқы әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған адамдар басқа оқу орнына не кәсіпорынға ауысқан кезде қайтадан бастапқы әскери даярлыққа тартылмайды. Оқу орындарында аталған адамдар оқу сабақтарын өткізу үшін бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына көмекші ретінде тартылуы мүмкін.

II. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру, өткізу және оның нәтижелеріне жалпы басшылық пен бақылау жасауды, бағдарламамен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:
белгіленген есеп пен есептілікті жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүдделі басқармаларымен, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және Денсаулық сақтау министрліктерінің басқармаларымен (бөлімдерімен), Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі министрлікпен бірлесе отырып, бұйрықтардың, директивалардың жобаларын, жастарды бастапқы әскери даярлаудың бағдарламаларын (бұдан әрі - Бағдарлама) табельдерді, нұсқаулықтарды, ережелерді, әдістемелік ұсынымдар мен нұсқауларды әзірлейді;

жастардың бастапқы әскери даярлығы мен әскери-патриоттық жұмысының жай-күйін өз бетінше және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктерімен бірлесе отырып тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

бастапқы әскери даярлықты өткізудің оң тәжірибесін жинақтайды және т а р а т а д ы ;

бастапқы әскери даярлық жөнінде Қазақстан Республикасының басқа министрліктері және басқармаларымен келісім жұмыстарын жүргізеді.

4. Облыс, қала және аудан аумақтарында жастардың бастапқы әскери даярлығына басшылықты тиісті әскери комиссариаттар жүзеге асырады.

Әскери комиссариаттар:
белгіленген есеп пен есептілікті жүргізеді;

білім беру, денсаулық сақтау органдарымен, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитеттермен бірлесе отырып, бастапқы әскери даярлықтың жылдық қорытындысы жөнінде облыс, қала, аудан атқарушы органдары қаулыларының, өкімдерінің (шешімдерінің) жобаларын және жаңа оқу жылында өткізілетін

негізгі шаралардың жоспарын әзірлейді;
оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларымен үш күндік оқу-әдістемелік жиындар және бір күндік әдістемелік оқу сабақтарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен мекемелердің оқу пункттері бастықтары мен нұсқаушыларының әдістемелік даярлықтарын, оқу орындары мен оқу пункттерінде жастарды бастапқы әскери даярлаудың жай-күйін мүдделі ұйымдар өкілдерінің қатысуымен немесе дербес (жекелеген мәселелер бойынша) тексеруді ұйымдастырады және өткізеді;

гарнизон бастықтарымен, құрама, әскери бөлім командирлерімен, әскери-оқу орындарының бастықтарымен және білім беру органдарымен бірлесе отырып, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде лагерь жиындарын өткізуді жоспарлайды және ұйымдастырады;

жастарға әскери-патриоттық тақырыпта ғылыми-танымдық, хроникалық-деректі кинофильмдер көрсетуді ұйымдастырады;
тиісті бұйрықтар шығарады;

атқарушы органдарды жастардың бастапқы әскери даярлығы мен әскери-патриоттық жұмыстардың жағдайы туралы хабардар етеді;

оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары, оқу пункттерінің штаттан тыс бастықтары, олардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары және бастапқы әскери даярлық нұсқаушылары лауазымдарына үміткерлер іріктейді;

білім беру органдарымен бірлесе отырып педагогикалық институттардың бастапқы әскери даярлық пен дене тәрбиесі оқытушыларын дайындау үшін кандидаттарды және белгіленген тәртіппен мөлшерде запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі жиындарға жіберу үшін запастағы сержанттар мен солдаттар қатарынан келешек әскери басшыларды іріктеуді жүргізуді;

оқу орындары директорларына, кәсіпорындар мен мекемелер басшыларына жастармен дала оқу-жаттығуларын (жиындарын) ұйымдастыру және өткізу кезінде әскери бөлімдермен, әскери-оқу орындарымен және жеке құрылымдармен шефтік (демеушілік) байланыстар орнатуға көмек көрсетеді;

кәсіпорындар мен мекемелерде оқу пункттерін ашуды (жабуды) ұйымдастыру жөнінде қала, аудан Әкімдері шешімдерінің жобаларын әзірлейді;

оқу пункттерінде оқыту үшін жасөспірімдерді іріктеуді жүргізеді, оқу пункттері құрылатын кәсіпорындар мен мекемелер әкімшіліктерімен бірлесе отырып, оқу топтарын жинақтайды;

оқу пункттеріндегі оқу аяқталған соң жасөспірімдерден сынақшалар қабылдауды ұйымдастырады;

бастапқы әскери даярлықтың толық курсын бітірген шақырушылардың тіркеу куәліктеріне тиісті жазулар жазады.

5. Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитеті :

жастардың адам өмірінің қауіпсіздік негіздері мен медициналық-санитарлық даярлық жөніндегі оқуына басшылық жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесе отырып, "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы бойынша Бағдарлама бөлімін, сондай-ақ оқу орындарын медициналық-санитарлық даярлық бойынша мүлікпен жабдықтау Табелін әзірлейді ;

"Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" бөлімі бойынша оқулықтарды, оқу құралдарын, плакаттар, оқу кинофильмдерін, диафильмдерді тиісті министрліктер мен ведомстволардың осы мақсаттарға бөлген қаржысы есебінен шығаруға қатысады .

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

оқушыларды бастапқы әскери даярлау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысына басшылық жасауды жүзеге асырады;

оқушыларды бастапқы әскери даярлау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысының жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етеді;

Табельдер, ережелер, нұсқаулықтар мен кепілдемелерді дайындауға қатысады ;

бастапқы әскери даярлық жөнінде бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік және көрнекі құралдарды, оқу кинофильмдері мен диафильмдерді дайындау мен шығару үшін осы мақсаттарға тиісті министрліктер мен ведомстволардың ақшаларын ала отырып ұйымдастырады;

жергілікті жерлердегі білім беру органдарына оқу орындарындағы оқушыларды бастапқы әскери даярлау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру мен өткізу, бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын дайындау және оқу-материалдық базасын құру мәселелері бойынша көмек көрсетеді және бақылау жасайды;

оқушылардың бастапқы әскери даярлығын өткізу мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарының оң тәжірибелерін зерделейді, жинақтайды және таратады ;

білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің білімін жетілдіру институттары жанындағы курстарда бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының мамандығын көтеруді ұйымдастырады;

бастапқы әскери даярлық пен дене тәрбиесі ұйымдастырушы-оқытушыларын даярлауды ұйымдастыру үшін қажетті ұсынымдар мен оқу құралдарын әзірлейді.

7. Қарауында оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері

мен Мемлекеттік комитеттері, сондай-ақ бағыныстығы мен меншік нысанына қарамастан оқу орындары, білім беру органдары:

оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық пен әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарына басшылық жасауды жүзеге асырады;
қажетті оқу-материалдық базаны жасайды;

әскери комиссариаттармен бірлесе отырып оқу орындары үшін бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын іріктеуді қамтамасыз етеді және олардың әдістемелік даярлығын ұйымдастырады;

педагогикалық институттардың дене тәрбиесі факультеттерінде бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушыларын дайындау үшін кандидаттарды іріктеуді жүргізеді;

оқушылардың бастапқы әскери даярлығын өткізу мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарының оң тәжірибелерін зерделейді, жинақтайды және таратады;

жастардың бастапқы әскери даярлық бойынша оқу-сабақтарынан алған білімдері мен дағдыларын бекіту мақсатында олармен дала оқу-сабақтарын (жиындарын) ұйымдастырады және өткізеді.

8. Қарауында оқу орындары бар Қазақстан Республикасының министрліктері мен Мемлекеттік комитеттері, сондай-ақ бағыныстығы мен меншік нысанына қарамастан оқу орындары:

оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына еңбек ақы төлеуге, олардың бағдарлы және оқу-әдістемелік жиындарға, білімін жетілдіру жөніндегі курстарға, семинар оқу-сабақтарына барған іс-сапарларына кеткен шығындарын төлеуге, бастапқы әскери даярлықтың штаттан тыс мамандары мен мұғалімдеріне (оқытушыларына) сағаттап ақы төлеуге;

оқу-материалдық базаны жабдықтау мен жетілдіруге, сондай-ақ "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы мен медициналық-санитарлық даярлық жөнінде оқулықтар, жарғылар, оқу құралдарын, плакаттар, әскери-оқу кинофильмдерін, диафильмдерді, мүліктерді және бастапқы әскери даярлық бойынша басқа да оқу құралдарын алуға қаржы бөледі.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитетінің оқу орындарын және ондағы оқушыларды медициналық-санитарлық даярлау жөніндегі мүлікпен жабдықтау Бағдарламасы мен Табелін әзірлеу жұмысына қатысады;

ведомстволық қарасты органдары арқылы медициналық-санитарлық даярлық бойынша оқытушыларды іріктеу мен даярлауды қамтамасыз етеді;

оқушылармен практикалық оқу-сабақтарын өткізу үшін оқу орындарына

емдеу мекемелерін бекітеді және олардың дайындалуына бақылау жүргізеді.

10. Қазақстан Республикасының жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі министрлігі облыстық комитеттер арқылы әскерге шақыруға және шақырылу жасындағы жасөспірімдердің дене тәрбиесі даярлығына басшылық жасауды және бақылауды жүзеге асырады.

11. Гарнизон бастықтары әскери комиссариаттармен бірлесіп, әскери бөлімдерге, әскери-оқу орындарына және жоғары оқу орындарының әскери кафедраларына жастармен бастапқы әскери даярлық, әскери-патриоттық және қорғаныс-бұқаралық жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге шефтік көмек көрсету үшін оқу пункттерін бекітіп береді.

12. Әскери бөлімдердің командирлері, жоғары оқу орны әскери кафедраларының, сондай-ақ тұрғындарды даярлау және үйрету орталықтарының бастықтары оқу орындары мен оқу пункттеріне жастарды бастапқы әскери даярлау мен әскери-патриоттық тәрбие беруде үнемі шефтік көмек көрсетіп отырады; жауынгерлік даярлық озаттарының жастармен кездесуін ұйымдастырады; оларды жеке құрамның орналасқан жерімен және өмірімен, бөлімшенің қару-жарағы және әскери техникасымен таныстырады. Шефтік көмек ретінде қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінде оқу-сабақтарын жүргізу үшін офицерлерді, прапорщиктер (мичмандар) мен сержанттарды (старшиналарды) белгілейді, әскери комиссариаттарға, білім беру органдарына оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларымен, кәсіпорын және мекеме оқу пункттерінің штаттан тыс бастықтарымен практикалық, нұсқаулық-әдістемелік және көрнекті оқу-сабақтарын өткізуге, сондай-ақ олардың бастапқы әскери даярлық, әскери-патриоттық және дене тәрбиесі бойынша оқу-материалдық базасын жетілдіруге көмек көрсетеді.

III. Оқу орындары, кәсіпорын, мекеме және оқу пункттері лауазымды адамдарының міндеттері

13. Оқу орнының директоры, оқу пункті құрылған кәсіпорын, мекеме басшысы жастарды бастапқы әскери даярлау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыруға және оның жай-күйіне жауап береді.

О л :

оқу процесінің дер кезінде жоспарлануын және ұйымдастырылуын, Бағдарламаның толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

бастапқы әскери даярлықтың практикалық жұмыстарын өтеу үшін үй-жай, оқу алаңдары мен жұмыс орындарын бөлуге, осы Ережелер мен Бағдарламалардың талаптарына сай оқу-материалдық базаны үнемі жетілдіру

ү ш і н ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

жастардың сабақ үлгеріміне деген жеке жауапкершілігін көтеру жөнінде жұмыс жүргізуге, оқушыларды оқу-материалдық базаны құруға және жетілдіруге т а р т у ғ а ;

ұйымдастырушы-оқытушыларға оқу-әдістемелік көмек көрсетуге, бастапқы әскери даярлықтың басқа пәндермен байланысын қамтамасыз етуге, үйірмелік жұмыстарды (факультеттерді) ұйымдастыруға және жүргізуге;

ұйымдастырушы-оқытушының бастапқы әскери даярлық бойынша оқу-сабақтарын жүргізуін, жастардың өткен материалдарды игеру сапасын бақылауға, жастарды бастапқы әскери даярлау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарының жағдайын оқу жылы бойына кем дегенде бір рет педагогикалық кеңестерде (мәжілістерде) талқылауға;

бастапқы әскери даярлық пен оқудың басталуы мен аяқталуы жөнінде, взвод пен бөлімше командирлерін тағайындау жайлы бұйрықтар шығаруға;

қалалық, аудандық әскери комиссариаттарға және бағыныстығы бойынша жастардың бастапқы әскери даярлығы мен әскери-патриоттық жұмыстары жөнінде есеп беруге міндетті.

14. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысы оқу орнының директорына бағынады және оқушылардың бастапқы әскери даярлығына, оқу-сабақтарын жүргізу кезінде белгіленген тәртіп пен қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуына тікелей жауап береді.

О л :

оқу кезінде және факультатив ретінде (оқудан тыс уақытта) бастапқы әскери даярлық жөнінде оқу-сабақтарын жеке өзі ұйымдастыруға және жүргізуге, әскери іс негіздерін зерделеу жөніндегі үйірмелерді басқаруға;

өздерінің кәсіптік және педагогтік білімдерін үнемі көтеріп отыруға, әдістемелік дағдыларды жетілдіруге;

кабинетті, мүлікті сақтауға арналған бөлмені меңгеруге, бастапқы әскери даярлық бойынша оқу-материалдық базаны құруға және жетілдіруге;

оқу орнының педагогикалық ұжымымен бірлесе отырып, оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру жөнінде жұмыстар жүргізуге;

оқу орындарындағы әскери міндеттілерді есепке алуға;

әскерге шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыруға;

оқушылардың тәртіпті сақтауын қамтамасыз етуге;

әскери-оқу орындарына түсу үшін жасөспірімдерді іріктеу мен даярлау бойынша жұмыс жүргізуге және әскери комиссариаттарға көмек көрсетуге м і н д е т т і .

Оқу орнындағы бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушы өз

жұмысын балалардың кластан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушымен (директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары) дене шынықтыру мұғалімімен (дене тәрбиесі жетекшісі), класс жетекшілерімен (өндірістік оқу шеберлері) және педагогикалық ұжыммен байланыста жүргізеді.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушының жұмысы оқу-сабақ кестесімен, сабақтан тыс уақытта өткізілетін шаралар жоспарымен және оқу орны директоры бекіткен өзінің жеке жоспарымен реттеледі.

Негізгі міндеттер мен бекітілген жоспарларда қаралмаған бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысының жұмысы кейбір жағдайларда оқу орны директорының келісімі бойынша орындалады. Ұйымдастырушы-оқытушылар басқа мұғалімдер мен оқытушылар сияқты оқу орны бойынша кезекшілік атқаруға тартылады. Қолданылып жүрген заңдарда әскери жетекшілерге қандай болса да әкімшілік міндеттер, сондай-ақ класс жетекшілік міндет жүктеу қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н .

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысы:

бастапқы әскери даярлық және "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсының ерекшелігін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Заңдары мен басқа да нормативті құжаттарды;

педагогика, психология негіздерін;

оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелерін;

еңбек заңдарының негіздерін;

еңбекті қорғау ережелерін;

төтенше жағдайлардан алдын ала сақтандыру және іс-әрекет жүйесін ұйымдастыру құрылымын;

тұрғындарды табиғи және экологиялық апаттар, ірі өндірістік авариялар, опаттар кезінде, сондай-ақ қазіргі кездегі ату құралдарынан қорғаудың негізгі қағидалары мен әдістерін;

дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету әдістерін білуі керек.

15. Оқу пунктiнiң бастығы оқу пунктiнде оқып жатқан жастардың бастапқы әскери және дене даярлығы жөнiндегi оқу-сабақтарының сапалы өтуiне, оқу құралдары мен мүлiктерiнiң сақталуына жауап бередi. Ол кәсiпорынның, мекеменiң азаматтық қорғаныс штабымен бiрлесiп, жастарды бастапқы әскери даярлау және олармен жүргiзiлетiн тәрбие жұмыстары бойынша оқу процесiн жоспарлауға және ұйымдастыруға; бастапқы әскери даярлық нұсқаушыларымен әдiстемелiк-нұсқаулық оқу-сабақтарын өткiзуге, оқу-материалдық базаны жетiлдiруге; оқу-сабақтарын өткiзу сапасы мен оқушылардың үлгерiмiне бақылау жасауға; кәсiпорын, мекеме басшыларына оқушылардың тәртiбi, үлгерiмi, сабаққа қатысуы жөнiнде хабарлап отыруға мiндеттi.

ІҮ. Жастарды бастапқы әскери даярлау жөніндегі оқу-сабақтарын ұйымдастыру және өткізу

16. Мектептерде оқушылардың бастапқы әскери даярлығына 140 сағат, екі жылдық оқу мерзімдеріндегі кәсіптік-техникалық оқу орындарында - 85 сағат, үш жылдық оқу мерзіміндегі кәсіптік-техникалық оқу орындарында -105 сағат, "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы зерделеуге бөлінген сағаттарды қоса, ал бастапқы әскери даярлықтан өтпеген және оны оқу пункттерінде атқарып жатқан жасөспірім-шақырылушыларға 60 оқу сағаттары б ө л і н е д і .

Бастапқы әскери даярлық оқу орындарында немесе қалалар мен аудандардағы қажетті оқу-материалдық базасы бар оқу орындарының базасында, білім беру органдары ұйымдастырған оқу орталықтарында өтеді. Оқу орталықтары қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері базасында, сондай-ақ дербес мекеме б о л ы п т а қ ұ р ы л а а л а д ы .

Жастарды бастапқы әскери даярлау барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептердің 9-10-11 кластарында ведомстволық бағыныстығына қарамастан кәсіптік-техникалық мектептер мен арнаулы орта оқу орындарының бірінші-үшінші курстарында, оларды оқудың аяқталу кезеңінде облыс және аудан (қала) Әкімдері ұйымдастырған қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі оқу-дала жиындарына қатыстыра отырып өткізіледі.

Оқу орындарында бастапқы әскери даярлық міндетті өткізілетін пән болып т а б ы л а д ы .

Бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқу-сабақтары апта сайын (1-2 сағаттан), "шақырылушы күні" деген әдіспен немесе жергілікті білім беру органдарының келісімі бойынша олар оқу орны директорының шешімімен сәйкестендіріліп ай с а й ы н ө т к і з і л е д і .

17. Оқу орындарында қыз балалар "Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" курсы бойынша өткізілетін оқу-сабақтарында жасөспірімдермен бірге, "Медицина білімінің негіздері" бөлімі бойынша бөлек оқиды. "Әскери қызмет негіздері" және "Қолданбалы дене даярлығы" бөлімдері жөніндегі оқу-сабақтарына қыз балалар тартылмайды.

18. Оқу орындарында бүкіл оқу жылы бойынша бастапқы әскери даярлықты өткізу жөнінде әр аптаға жоспар жасалынады. Бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқу-сабақтары жалпы оқу кестесіне енгізіледі және кластар мен оқу топтарында өткізіледі. Кластар мен оқу топтары взводтар деп аталады және үш бөлімшеге бөлінеді. Оқу орны директорының бұйрығымен озат оқушылар қатарынан взвод және бөлімше командирлері тағайындалады.

Оқушылар оқу сабақтарына дайындалып және жинақы киініп келуге міндетті.

19. Жұмыс істейтін жастарды бастапқы әскери даярлауға арналған оқу пункттері атқарушы органдар шешімі бойынша әскер қатарына шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы оқитын жасөспірімдер саны 20-дан кем болмайтындай етіп бір немесе бірнеше кәсіпорындар мен мекемелерде не қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің (бұдан әрі - ҚССЛ) базасында құрылады.

Оқу пункттерін ұйымдастыру үшін тікелей жауапкершілік осы оқу пункттері құрылатын кәсіпорындар мен мекемелер басшыларына жүктеледі. Жастардың оқу пункттеріндегі оқу-сабақтарына келулеріне осы жастар жұмыс істейтін кәсіпорындар мен мекемелер басшылары жауап береді.

Жұмыс істемейтін жастар бастапқы әскери даярлықты қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде, сондай-ақ әскери комиссариаттар басшылығымен атқарушы органдар құрған оқу пункттерінде өтеді.

20. Оқу пункттерінде жастарды бастапқы әскери даярлауға 60 сағат, оның ішінде дене тәрбиесіне 20 сағат беріледі. Оқу сабақтары аптасына 6-7 сағаттан өткізіледі. Оқу пунктінде кәсіпорын, мекеме басшылары мен қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығы бастапқы әскери даярлықтың апта сайынғы жоспарын және оқу-сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді.

Оқу пунктінде жастардың бастапқы әскери даярлығын қамтамасыз ету үшін оқу топтары құрамын, оқу-сабақтарын ұйымдастыру, өткізу және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету тәртібін анықтап, кәсіпорын, мекеме басшылары мен қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығы бұйрық шығарады. Оқу топтары міндетті әскери қызметке шақыру мерзімін ескере отырып 20-25 жасөспірімнен жасақталады.

21. Бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқушылардың білімі, басқа да пәндер сияқты бес баллдық жүйесімен бағаланады.

Оқушылардың бастапқы әскери даярлық бойынша (денсаулық жағдайына байланысты бастапқы әскери даярлықтан босатылғандардан басқа) алған жылдық (курстық) бағалары негізінде берілген қорытынды баға орта білімі туралы куәлікке, кәсіптік-техникалық оқу орнын бітіргендігі жөніндегі куәлікке, дипломға қосымша берілетін семестрлік және емтихан ведомостарының көшірмесіне қойылады.

Бастапқы әскери даярлық бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды бағасы бар адамдарға орта білімі туралы куәлік, кәсіптік-техникалық оқу орнын бітіргендігі жөнінде куәлік және арнаулы орта оқу орнын бітіргендігі жайлы диплом берілмейді.

22. Бастапқы әскери даярлық Бағдарламасын зерделенгеннен кейін оқу

пункттерінде сынақшылар өткізіледі және қорытынды баға қойылады. Сынақшыларды қабылдау үшін аудан, қала Әкімдердің шешімімен құрамына әскери комиссариат, жастар ісі, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі комитеттердің өкілдері енетін комиссия құрылады.

Оқу пункттеріндегі оқудан өткен жастарға бастапқы әскери даярлықтан өткендігі туралы анықтама беріледі.

23. Оқу орындары мен оқу пункттерінде бастапқы әскери даярлықтың толық курсын бітірген жастардың тізімдері қорытынды бағалары көрсетіліп, тіркеу орны бойынша қалалық, аудандық әскери комиссариаттарға жіберіледі.

24. Оқу орындары мен оқу пункттері жоғары идеялы, өзекті, түсінікті, маңызды саяси жағдайларды, әскери-патриоттық тақырыптарды қамтып көрсететін, Қазақстан халқының жетістіктерін, соғыс батырлары мен ардагерлерін, әскери қызметтің қаһармандық салты мен қызықшылығын насихаттайтын, оқу орнының, кәсіпорынның өмірін көрсететін көрнекі үгіт құралдарымен безендіріледі.

Ү. Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын және кәсіпорындар мен мекемелердің оқу пункттерінің лауазымды адамдарын іріктеу, қызметке тағайындау және даярлау

25. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылар лауазымына кандидаттарды әскери комиссариаттар, білім беру органдары және оқу орны басшылары іріктейді. Ұйымдастырушы-оқытушылар лауазымына тағайындауды және оларды осы лауазымнан босатуды тек қалалық, аудандық әскери комиссариаттар мен білім беру органдарының келісімі бойынша оқу орындарының директорлары жүзеге асырады.

Мөлшерден көп параллельдік кластары, оқу топтары бар оқу орындарында бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушының педагогтік жүктемесі белгіленген сағат нормасынан асатын болса, ол оқу орындарына қажетті мөлшерде бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын қосымша алуға рұқсат етіледі.

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылар лауазымына "Бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушысы" мамандығы бойынша жоғары оқу орындарын бітірушілер және әдеттегідей, мерзімді әскери қызметтен өткен жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық білімі бар, кәсіби білігі жоғары, жасы мен денсаулық жағдайы жастармен оқу-сабақтарын сапалы өткізуге мүмкіндік беретін запастағы офицерлер тағайындалады.

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушы лауазымын запастағы

офицерлерден толықтыру мүмкіндігі болмаған кезде, ерекше жағдай ретінде, бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушы лауазымына орта немесе жоғары білімі бар, оқу пункттерінде даярлықтан өткен, мотоатқыштар, барлау және танк бөлімшелерінде сержант лауазымда қызмет атқарған және жастармен жұмыс істеуге тілек білдірген, жақсы дайындалған запастағы тәжірибелі прапорщиктер (мичмандар), сержанттар (старшиналар) және солдаттар (матростар) қатарынан тағайындауға рұқсат етіледі. Әскери комиссариаттар осы санаттағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларды запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі оқу жиындарына белгіленген тәртіппен жібереді, ал білім беру органдары оларға жоғары педагогикалық оқу орындарына әзірлену және түсу кезінде көмек көрсетеді.

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын қызметке оқу жылы басталуына 2 ай қалғанда тағайындауға рұқсат етіледі.

26. Оқу орындары үшін бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушыларын даярлау Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен анықталған жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі факультеттерінде жүргізіледі.

27. Бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушыларын дайындау үшін жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі факультеттеріне запастағы офицерлерді даярлау талаптарына сай келетін 25 жасқа дейін ер адамдар қабылданады. Әскери бөлімдер білім алушы талапкерлерді запасқа шығуға іріктелген сержанттар (старшиналар) және солдаттар (матростар) қатарынан, ал аудандық әскери комиссариаттар білім беру органдарымен бірлесіп әскери міндеттілер қатарындағы жастар арасынан сараптайды.

Жоғары оқу орындарында оқудың толық курсын бітірген, әскери жиындардан , әскери жетекшілер ретінде тағылымдамалардан өткен және толық білім алғандағы жөнінде емтихан сынақтарынан өткен адамдар запастағы офицерлік құрамға аттестацияланады. Бұл адамдарға "Бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушысы" мамандығы бойынша белгіленген үлгідегі диплом беріледі, ол көбінесе ауылдық жерлерде орналасқан оқу орындарына әскери жетекшілік қызметке жіберіледі.

ҮІ. Біліктілікті көтеру

28. Жоғары оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылардың біліктілігін көтеру оқу процестерін ұйымдастыру мен бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқу-сабақтарын өткізудің сапасын жақсарту, педагогтық және әскери-білімдерін көтеру, жастарды оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру, тәжірибе жинақтау және бастапқы әскери даярлау мен дене тәрбиесі практикасына алдыңғы қатарлы әдістемелер және

оқыту мен тәрбие берудің техникалық құралдарын енгізу мақсатында жүргізіледі

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының білімін көтеруге: білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің білімін жетілдіру институттары жанындағы курстардағы оқу, оқу жылы басталар алдындағы оқу-әдістемелік жиындар, ай сайынғы бір күндік оқу-әдістемелік оқу-сабақтары, сондай-ақ оқу орнындағы әдістемелік комиссия жұмысына қатысу және өз бетінше жұмыс жатады.

29. Үш күндік оқу-әдістемелік жиындар облыстық (қалалық) әскери комиссиялар бекіткен және төтенше жағдайлар жөніндегі тиісті басқармалармен және білім беру органдарымен келісілген бағдарлама бойынша оқу жылы басталар алдында бастапқы әскери даярлықтың барлық ұйымдастырушы-оқытушыларын қатыстыра отырып өткізіледі. Бұл жиындарда жастардың бастапқы әскери даярлығының қорытындысы шығарылады, жаңа оқу жылына міндеттер қойылады, оқу бағдарламасы бойынша практикалық және көрнекті оқу-сабақтары өткізіледі, ұйымдық-әдістемелік құжаттар зерделенеді; жиынға қатысушылар жастарды оқыту мен тәрбиелеу жөнінде тәжірибе алмасады. Жиындарды аудандық, қалалық әскери комиссариаттар төтенше жағдайлар жөніндегі және білім беру басқармаларымен бірлесе ұйымдастырып, жүргізіледі.

30. Аудандық, қалалық әскери комиссариаттар төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалармен және білім беру органдарымен бірге бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына арналған бір күндік әдістемелік оқу-сабақтарын ай сайын өткізеді. Оқу-сабақтары өткізілетін күнді білім беру органдарының келісімімен әскери комиссарлар белгілейді. Осы күні бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларымен нұсқаулық-әдістемелік, тәжірибелік және көрнекті әзірлікті оқу-сабақтары, Бағдарлама тақырыптары бойынша семинарлар мен лекциялар өткізіледі. Оқу сабақтарын өткізу үшін запастағы және отставкадағы офицерлер мен генералдар, жан-жақты әзірлікті бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары, сондай-ақ аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға әскери бөлімдердің бекітіп берген офицер-әдіскерлері тартылады.

31. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық, дене шынықтыру (дене тәрбиесі), медициналық-санитарлық даярлық жөніндегі әдістемелік комиссия жұмысына қатысады.

Бұл комиссияның негізгі міндеттері: бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысының, дене шынықтыру мұғалімі (дене тәрбиесі жетекшісі) мен медициналық-санитарлық даярлық оқытушысының кәсіптік

деңгейі мен әдістемелік шеберлігін үнемі көтеріп отыру, жастармен жүргізілетін оқу және тәрбие жұмыстарының озық тәжірибелерін зерделеу мен насихаттау б о л ы п т а б ы л а д ы .

32. Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына әдістемелік даярлығы (жеке тапсырмаларды орындау, озық тәжірибелерді жинақтау, бастапқы әскери даярлық әдістемесінің кейбір мәселелерін әзірлеу, оқу-сабақтарын өткізуге әзірлену, әдістемелік құжаттарды құрастыру) және оқу-материалдық базаны жетілдіруі үшін аптасына б і р к ү н б е р і л е д і .

33. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының біліктілігін көтеру курстары білім беру қызметкерлерінің біліктігін көтеру жүйесінде екі апталық мерзім ішінде өтеді. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары біліктілікті көтеру курстарына 5 жылда бір рет ш а қ ы р ы л а д ы .

34. Медициналық-санитарлық даярлық оқытушылары үшін әдістемелік-оқу сабақтары оқу жылы басталар алдында және қысқы немесе көктемгі каникул күндерінде жүргізіледі. Бұл оқу-сабақтарын білім беру органдарымен және азаматтық қорғаныс штабтарымен бірлесе отырып, қалалық, аудандық денсаулық сақтау о р г а н д а р ы ө т к і з е д і .

35. Жастарды бастапқы әскери даярлау жөніндегі оқу-әдістемелік жұмысқа басшылық жасауды қамтамасыз ету үшін әскери комиссариаттар жанына штаттан тыс әдістемелік кеңестер құрылады, әскери комиссариаттарға әскери бөлімдердің, әскери-оқу орындарының, азаматтық жоғары оқу орындары әскери кафедраларының және төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалардың офицерлері бекітіліп беріледі. Осы кеңестердің қызметіне әскери комиссариаттар б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы .

Штаттан тыс әдістемелік кеңес құрамына әскери комиссариаттардың, төтенше жағдайлар жөніндегі басқармаларының офицерлері, білім беру мен денсаулық сақтау органдарының, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитеттердің қызметкерлері және оқу орындарында бастапқы әскери даярлықты жүргізетін озық әдістер ұйымдастырушы-оқытушылар, сондай-ақ запастағы және отставкадағы генералдар мен офицерлер, әскери бөлімдер және әскери-оқу орындарының о ф и ц е р л е р і е н г і з і л е д і .

Штаттан тыс әдістемелік кеңес құрамын қарауына оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар, олардың жергілікті жердегі органдарының келісімі бойынша әскери комиссарлар, гарнизондар мен төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалар бастықтары бекітеді. Штаттан тыс әдістемелік кеңестің төрағасы болып әскери комиссариаттардың бөлім (бөлімше) бастықтары с а й л а н а д ы .

Әскери комиссариаттар жанынан құрылатын штаттан тыс әдістемелік кеңестерге :

оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларымен және медициналық-санитарлық даярлық оқытушыларымен, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде оқу орындары жасөспірімдерімен оқу-дала жиындарын өткізу үшін тағайындалған бастықпен, оның орынбасарларымен, роталар мен взводтар командирлерімен оқу-әдістемелік жиындар мен әдістемелік оқу-сабақтарын ұйымдастыру және жүргізу ;

ұйымдардың озық тәжірибелерін зерделеу, жинақтау мен тарату және оқу орындары мен қорғаныс-спорттық сауықтыру органдарында жастардың бастапқы әскери даярлығын өткізу, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру және ГТО кешені бойынша даярлау ;

бастапқы әскери даярлық Бағдарламасының бөлімдері, тақырыптары мен оқу-сабақтары бойынша әдістемелік құжаттар мен құралдарды қарау және бекіту ж ү к т е л е д і .

Штаттан тыс әдістемелік кеңес жұмысы бір жылға жоспарланады. Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларымен, медициналық-санитарлық даярлық оқытушыларымен, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагері бастықтарымен, олардың орынбасарларымен, рота және взвод командирлерімен оқу-әдістемелік жиындар мен әдістемелік оқу-сабақтарын өткізу үшін оқу кеңестері жасалады. Штаттан тыс әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын, оқу-әдістемелік жиындар мен әдістемелік оқу-сабақтарын оқу кестесін әскери комиссар бекітеді.

Қалалық, аудандық әскери комиссариаттарда оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының, ал денсаулық сақтау органдарында медициналық-санитарлық даярлық оқытушыларының әдістемелік даярлығын есепке алу журналы, сондай-ақ даярлық бөлімдері бойынша Қарулы Күштердегі міндетті әскери қызметке шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерді даярлаудың барысын бақылау журналы жүргізіледі.

ҮІІ. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына еңбек ақы төлеу

36. Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының лауазымдық жалақысы бастапқы әскери даярлық жүргізілетін кластардың (топтардың) санына және осы кластардағы (топтардағы) оқушылардың санына қарамастан оқушылардың жалпы санын ескере отырып, белгіленген мөлшерде айқындалады.

Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары мен ҚССЛ бастықтарына жастармен оқу-дала жиындарын өткізу кезінде осы лагерлерде арнайы кабинетті, оқу қару-жарақтарын сақтауға арналған бөлмені және атыс тирін меңгергені үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің барлық бюджеттік салада жұмыс істейтіндерге белгілеген тәртібімен қосымша ақы төленеді.

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының лауазымдық жалақыларына жалпы білім беретін мектептерде аптасына педагогикалық жұмыстың 9 сағатына, ал арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында жылына педагогикалық жұмыстың 360 сағатына ақы төленеді. Егер бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының педагогикалық жұмысының көлемі көрсетілген нормадан аз болса, оған толық лауазымдық жалақы төленеді.

Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының педагогикалық жұмысына бастапқы әскери даярлық бойынша, соның ішінде ҚССЛ-дегі оқу-дала жиындарында оқу-сабақтарын өткізу кіреді. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары орындаған лауазымдық жалақыға енгізілген аптасына 9 сағаттық (жылына 360 сағат) оқу жүктемесінен тыс педагогикалық жұмысқа мұғалімдер мен оқытушылар үшін көзделген тәртіппен, бірақ аптасына 9 сағаттан (жылына 360 сағат) көп емес, қосымша ақы төленеді.

37. Өздерінің тікелей міндеттерін толық көлемде және сапалы орындайтын бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларына қосымша ақы төленетін басқа да оқу пәндері бойынша сабақтар өткізулеріне болады. Сонымен бірге педагогикалық жұмыстың ақы төленетін қосымша сағаттары, бастапқы әскери даярлық жөніндегі оқу-сағаттарын қоса, аптасына 9 сағаттан (жылына 360 сағаттан) аспауы керек.

38. Бастапқы әскери даярлық бойынша мұғалімдер (оқытушылар) және оқу орнының басқа да қызметкерлері орындаған педагогикалық жұмысқа еңбек ақы мұғалімдер (оқытушылар) үшін белгіленген тәртіппен; кәсіпорын, мекеме және ұйымдардан таратылған мамандарға еңбекке сағаттап ақы төлеу жағдайында төленеді.

39. Бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларын оқу-әдістемелік жиындарға, білімін жетілдіру курстарына жіберуге жұмсалған барлық шығындар қарауында оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар және жергілікті жерлердегі олардың органдарының қаражаты есебінен, қызметтік іссапарлар үшін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен мөлшерде төленеді.

40. Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының, бастапқы әскери даярлық жөніндегі

мамандардың педагогикалық өкіліне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі міндетті әскери қызмет мерзімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінде, Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерінде офицерлер, прапорщиктер (мичмандар), сержанттар (старшиналар) лауазымдарындағы қызметтері есептеледі.

41. Міндетті әскери қызметтен әскери киім киюге құқысыз Запасқа немесе отставкаға шығарылып, оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысы, бастапқы әскери даярлық маманы лауазымына тағайындалған запастағы және отставкадағы офицерлерге, сондай-ақ "Бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі оқытушысы" мамандығы бойынша жоғары оқу орындарын бітірген адамдарға офицерлік атақ бергеннен және оларды бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысы ретінде жұмысқа жібергеннен кейін оларға әскери киім кию құқы беріледі.

ҮІІІ. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері (ҚССЛ)

42. Әскерге шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерді әскери қызметке даярлау үшін (аудандық, ауданаралық) қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерін (ҚССЛ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығымен кәсіподақ комитетімен, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитеттерді, аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарды қатыстыра отырып, жергілікті әкімшілік органдары ұйымдастырады және олар аудандық (қалалық) әкімшілік органдарының қарауында болады.

Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері базасында Бағдарлама бойынша шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдермен оқу-дала жиындары өткізіледі.

Бұл лагерлер оқу-дала жиындарын өткізуден босаған кездерде шаруашылық, кәсіподақ, спорттық-жастар, туристік ұйымдарға тұрғындармен қорғаныс-бұқаралық жұмыстар және басқа да шаралар өткізу үшін жалға беріледі.

Республикалық әскери мектеп-интернаттары оқу-дала жиындарын ҚССЛ орналасқан аудан лагері базасында немесе ҚССЛ бар аудан әкімшілігімен уағдаластық бойынша өткізіледі.

43. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру кезінде оқушылардың еңбек және демалыс лагерлерін құру, ұстау және ұйымдастыру тәртібінің санитарлық ережелері басшылыққа алынады. Мүмкіндігінше бұл лагерлер орман алқаптары мен суаттарға жақын жерлерде және сумен жабдықтау бұлақтары бар құрғақ жерлерде ұйымдастырылады.

44. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерін ашуға тек жергілікті білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары, әскери комиссариат, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитет, санитарлық-эпидемиологиялық станциясы, мемлекеттік өрттен қорғау комитеті өкілдерінен аудандық (қалалық) атқарушы органдар құрған комиссия олардың жағдайын тексергеннен кейін ғана рұқсат беріледі. Тексеру кезінде лагердің барлық үй-жайлары мен оқу объектілерінің техникалық жағдайына ерекше назар аударылады. Бұл лагерлерді қабылдау актісі мен ресімделеді.

45. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі оқу-дала жиындарына: 10 күндікке <*> (міндетті әскери қызметке шақырулар алдында өндірістен қол үзе отырып) - оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген әскерге шақыру жасындағы жастар;

<*> Ескерту. Жиындарды өткізудің нақты мерзімдері атқарушы органдардың шешімімен белгіленеді.

6 күндікке - каникулға берілген уақыт есебінен;
жалпы білім беретін мектептердің 10 класс оқушы - ер балалары - сәуір - мамыр айларында;
кәсіптік-техникалық мектептердегі бітірер алдындағы курстың жастары - маусымда.

Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі оқу-дала жиындарына-жастар келу тәртібін аудандық (қалалық) атқарушы органдар айқындайды.

46. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне басшылықты жергілікті атқарушы органдар жасайды. Олар күрделі қаржы лимиттерін, материалдық және қаржылық қорларды бөледі, оларды пайдалану тәртібін анықтайды, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері қызметкерлерінің штатын белгілейді. Облыстық, қалалық және аудандық атқарушы органдар қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері қызметкерлерінің міндеттерін тиісті әскери комиссариаттарды, білім беру органдарын, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитеттерді қатыстыра отырып, әзірлейді; жыл сайын оқу-дала жиындары басталар алдында өндірістен қол үзе және негізгі жұмыс орны бойынша орташа еңбекақыларын сақтай отырып, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінің бастықтарымен, олардың оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарларымен, рота командирлерімен осы лагерлердің оқу-тәрбие, шаруашылық және қаржы қызметін анықтайтын заң актілерінің талаптары, оқу және тәрбие жұмыстарын басқару әдістері мен нысандары және оқу жиындарына тартылған жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамсыздандыру зерделенетін ұзақтығы 3 күннен аспайтын оқу-әдістемелік сабақтар өткізуді

қамтамасыз етеді: аталған лагерлердің ұйымдастырылуы мен оның ұсталуына, оларда оқу-дала жиындарының өткізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады.

47. Аудандық (қалалық) атқарушы органдар қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінің оқу-тәрбие, шаруашылық және қаржылық қызметтеріне тікелей басшылық жасайды. Олар лагерлердің ұйымдастырылуына, жабдықтармен, керек-жарақтармен, оқу құралдарымен, басқа да мүліктермен, сондай-ақ автокөлікпен қамтамасыз етілуіне және жасөспірімдерге оқу-дала жиындарының сапалы өткізілуіне жауапты болады, олардағы ішкі тәртіп ережесін әзірлейді және бекітеді; қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері қызметкерлерін іріктеуді және тағайындауды жүргізеді; оқу-дала жиындары басталар алдында взвод, бөлімше командирлерімен, дене шынықтыру және жүзу нұсқаушыларымен бір күндік әдістемелік оқу-сабақтарын өткізу уақытын белгілейді; оқу-дала жиындарына тартылған жастарды киім нысанымен, олардың денсаулықтарының сақталуы мен нығаятын, жаттығу қару-жарақтарының, шағын калибрлі винтовка мен оның патрондарының, жабдықтардың, керек-жарақтардың, оқу құралдарының, басқа да мүліктердің және азық-түліктің сақтауын қамтамасыз етеді; кемінде бір рет оқу-дала жиындары кезінде мүдделі органдар өкілдерінің қатысуымен құрылған комиссия оқу-дала жиындарындағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын тексереді.

48. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде жасөспірімдермен оқу-дала жиындарын ұйымдастыру мен өткізуді аталған лагерлер бастықтары, олардың оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары және есеппен 75-100 адамға тағайындалған рота командирімен, дене шынықтыру және жүзу нұсқаушылары; 25 адамға - взвод командирі, ал әрбір взводқа 3-тен тағайындалған бөлімше командирлері жүргізеді.

49. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығы лагерьге күнделікті басшылық жасайды. Ол оқу және тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы мен жай-күйіне, лагердің жеке құрамының тәртібіне, моральдік-психологиялық жағдайына; тамақтандыру, шаруашылық және қаржы қызметін ұйымдастыруға, күн тәртібін, еңбек туралы заңдарды сақтауға; оқу-материалдық базаның, жаттығу қару-жарақтарының, шағын калибрлі винтовка мен оның патрондарының сақталуына, жай-күйіне және пайдаланылуына; жастардың денсаулық жағдайына; қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің өрт қауіпсіздігіне толық жауапты болады.

50. Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитет қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерін ұйымдастыруға және оның жұмысына тікелей қатысады, олардың қызметкерлеріне әскери-патриоттық тәрбие беруде, сондай-ақ жастардың дене тәрбиесіне, спорттың әр түрі бойынша нұсқаушыларды іріктеуге көмек көрсетеді; әскери комиссариаттармен бірлесе отырып бір күндік

әдістемелік оқу-сабақтарын өткізеді, жарыстар ұйымдастырады.

51. Әскери комиссариаттар осы лагерлердегі оқу-дала жиындарындағы бастапқы әскери даярлықты оқу орындарында өтпеген шақырылу жасындағы жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығына оқу-әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады; жиындар басталар алдында аталған санаттағы жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлықты, сондай-ақ жасөспірімдермен автоматтан соғыс патрондарымен атып-үйренуді өткізу үшін тағайындалған взвод және бөлімше командирлерімен оқу-әдістемелік сабақтарын өткізеді; шақырылу жасындағы жасөспірімдермен оқу-дала жиындарын жоспарлау мен ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

52. Лауазымдарға:

а) қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің оқу ісі жөніндегі орынбасары және рота командиріне:

оқу-дала жиындарына оқушы-жасөспірімдердің 2 немесе одан көп взводы тартылатын оқу орындарының бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушылары қатарынан запастағы офицерлер;

б) взвод командирлеріне:

оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтуші жасөспірімдермен оқу-дала жиындарында - бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысы, сондай-ақ тиісті әскери даярлығы бар әскери міндеттілер қатарынан оқу орындарының мұғалімдері, оқытушылары, өндірістік оқу шеберлері, сондай-ақ жастарды оқыту мен тәрбиелеуде тәжірибесі бар запастағы офицерлер, прапорщиктер, мичмандар;

оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген шақырылу жасындағы жасөспірімдермен өткізілетін оқу-дала жиындарында - әдетте, оқу-дала жиындарына бастапқы әскери даярлықтан өту үшін тартылатын жасөспірімдері бар кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін запастағы офицерлер қатарынан әскери міндеттілер, сондай-ақ білім беру органдарының келісімі бойынша оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлықтың ұйымдастырушы-оқытушылары тағайындалады.

Бұдан басқа, жоғары оқу орындары ректорларының келісімі бойынша взвод командирлеріне педагогикалық практика кезінде "Бастапқы әскери даярлық және дене тәрбиесі" мамандығы бойынша оқып жатқан 4 курс студенттері стажер ретінде көмекке жіберілуі мүмкін.

в) бөлімше командирлеріне:

әдетте, жастармен жұмыс жасау тәжірибесі және әскери тәжірибесі бар запастағы әскери міндеттілер тағайындалады.

53. ҚССЛ-дегі оқу-дала жиындарында жасөспірімдермен оқу-сабақтарын жүргізу үшін взвод, бөлімше командирлерін, дене шынықтыру нұсқаушыларын

даярлау оқу-дала жиындары басталар алдында өткізілетін бір күндік оқу-әдістемелік сабақтарда және оқу-дала жиындары кезіндегі нұсқаулық-әдістемелік оқу-сабақтарында жүзеге асырылады.

54. Жергілікті жерлердегі білім беру органдары, оқу орындары, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшылары жасөспірімдерді оқу-дала жиындарына әзірлеуді жүргізеді және олардың қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне оқу-дала жиындарынан өту үшін белгіленген мерзімде келуін қамтамасыз етеді, осы лагерлердегі жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығына бақылау жасайды.

55. Оқу-дала жиындары кезінде қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлық жұмыстарын үйлестіру, взвод, бөлімше командирлері мен дене шынықтыру нұсқаушыларына әдістемелік көмек көрсету үшін оқу-әдістемелік кеңес құрылады. Оның құрамына қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінің бастықтары, оның орынбасарлары, рота командирлері мен медицина қызметкерлері кіреді.

Оқу-дала жиындарын ұйымдастыру

56. ҚССЛ-дегі бастапқы әскери даярлыққа:

10 класс (II курс) оқушыларының 6 күндік жиындарына - 48 сағат;
оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген шақырылу жасындағы жасөспірімдердің 10 күндік оқу-дала жиындарына - 60 сағат беріледі.

Аталған санаттағы жасөспірімдермен өткізілетін оқу-дала жиындары кезінде қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығы аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың келісімі бойынша жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығын және оларға әскери-патриоттық тәрбие беру, взвод және бөлімше командирлерімен әдістемелік жұмыс жүргізу жоспарын әзірлейді және оны аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар бекітеді.

Әрбір рота жеке ауысымға оқу-сабақтарының кестесі, ал взводта - оқу-сабақтарының конспект-жоспарлары жасалады.

57. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне оқу-дала жиындарынан өту үшін жасөспірімдер оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысының (мұғалімдер, оқытушылар, өндірістік оқу шеберлері), өздері жұмыс істейтін кәсіпорын, мекеме, ұйым өкілдерінің, ал жұмыс істемейтін жасөспірімдер әскери комиссариат өкілінің басқаруымен к е л е д і .

58. Оқу-дала жиындары кезінде жасөспірімдер қатарынан саны 25 адамнан аспайтын взводтар (үш бөлімше) жасақталады. 3-4 взводтан рота құрылады.

59. Жасөспірімдерді қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне орналастыру, күнделікті тәртіп пен уақытты бөлу, сондай-ақ қорғаныс-спорттық сауықтыру

лагерлеріндегі ішкі наряд қызметі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ішкі қызметі Жарғысының тиісті ережелеріне үйлестіріле әзірленген Ережесіне сәйкес қарастырылады. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінің бастығы бекіткен күн тәртібінде :

таңертеңгі дене шынықтыруға және жуынып-шайынуға, хабарламаға, сапта тұру мен дене жаттығуына, 6 оқу сағаты оқу сабақтарын өткізуіне;

тамақтануға және түстен кейін 30 минут демалуға, қару-жарағын тазалауға және оқу сабағында қолданылатын мүліктер мен құралдарды қалпына келтіруіне;

өз бетінше даярлануға, қаһармандық-патриоттық және бұқаралық-спорт жұмыстарына ;

жасөспірімдердің жеке қажеттіліктеріне, кешкі серуені мен тексерулеріне және ұйықтауларына 8 сағаттан кем емес уақыт қарастырылады.

Оқу-дала жиындарының әрбір ауысымы соңында ҚССЛ бастығының басшылығымен жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитетінің, соғыс және еңбек ардагерлерінің, шефтік әскери бөлім жауынгерлерінің, әскери-оқу орындарының қатысуымен спорттың әскери-қолданбалы түрлері бойынша қорғаныс-спорттық мерекелері өткізіледі.

60. Оқу-дала жиындарында жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлық сабақтарын взвод командирлері мен дене шынықтыру нұсқаушылары жүргізеді. Бұдан басқа, жасөспірімдерді төзімділікке, күштілікке, шапшаңдық пен ептілікке шыңдауға бағытталған бұқаралық-спорт жұмыстары ұйымдастырылады және өткізіледі .

Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде жасөспірімдердің автоматтан атуын ұйымдастыру мен жүргізу әскери машиналар мен танкілерден, атыс қаруынан ату Курсына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Бітіруші кластармен өткізілген 6 күндік оқу-дала жиындарының соңында оқу-дала жиындарынан өткендігі үшін қорытынды баға қойылады.

Оқушы жастардың осы бағалары класс журналының "Оқу-дала жиындары үшін" деген белгісі бар жеріне қойылады және оларға бастапқы әскери даярлық бойынша қорытынды баға қою кезінде ескеріледі.

Шақырылу жасындағы жасөспірімдердің ҚССЛ-дегі оқу дала жиындарында және бітіруші кластарда бақылау сабақтарынан алған бағалары негізінде бастапқы әскери даярлық бойынша қорытынды баға қойылады. Әскери комиссариаттар шақырылушының есеп карточкасына және шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәлігіне бастапқы әскери даярлықтың толық курсынан өткендігі жөнінде тиісті жазулар жазады.

Қауіпсіздік шаралары, жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтау

62. ҚССЛ бастығы, оның орынбасарлары, рота, взвод және бөлімше командирлері, дене шынықтыру нұсқаушылары, медицина қызметкерлері лагердегі оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады. Олар күн тәртібінің талаптарын қатаң орындауға, жасөспірімдердің лагерь қызметкерлерінің жетегінсіз лагерь аумағынан кетулеріне жол бермеуге міндетті.

63. Жасөспірімдердің 10 адамнан аспайтын бөлімшелер болып бір мезгілде тек бассейнде немесе арнайы жабдықталған суаттарда суға шомылуына (қажет болғанда жүзу әдісін үйренуіне) ҚССЛ бастығы рұқсат береді және оны взвод, бөлімше командирлері мен дәрігердің (медбикенің) қатысуымен дене шынықтыру және жүзу нұсқаушылары жүргізеді. Жасөспірімдер суға шомылатын жерлерде қажетті құтқару құралдары мен арнайы әзірлігі бар сүңгуір құтқарушылар дайын тұрулары керек.

64. Жасөспірімдерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау үшін жауапкершілік аудандық (қалалық) әкімшілік органдары мен қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығына жүктеледі. Жастарды тасымалдау кезінде көліктің техникалық жағдайына, жүргізушілер мен машиналардың әзірлігіне, қозғалыс кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуына ерекше назар аударылады. Жасөспірімдерді үсті ашық жүк тасымалдау көліктерімен және түнгі уақытта жүруге тыйым салынады.

65. ҚССЛ-де найзағайдан қорғану құралы болуы керек, үй-жайды өрт сөндірудің бастапқы жабдықтарымен, кедергісіз өтетін және шығатын жолдармен қамтамасыз етуі қажет. Шатырларға орналасқан кезде онда темекі шегуге, жылыту құралдарын қондыруға, керосинмен жанатын және электрлік қыздырғыш приборларды пайдалануға, от жағуға тыйым салынады. Лагерде: өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулық, өрт және табиғат апаттары кезінде адамдарды қоныс аудару жоспары әзірленуі керек. Взвод командирлері қатарынан тағайындалған лагерь кезекшісі, рота бойынша кезекшілер мен ішкі наряд өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуына жауап береді.

Оқу-материалдық база

66. Оқу-дала жиындарын өткізу үшін ҚССЛ-нің оқу-материалдық базасын мынадай объектілер: жаттығу қару-жарақтары мен шағын калибрлі винтовкаларды сақтау үшін арнайы жабдықталған бөлме; бір мезгілде екі

взводпен бірдей оқу-сабақтарын өткізуді қамтамасыз ететін тактикалық алаң; қаһармандық-патриоттық жұмыстар жүргізуге арналған бөлме (қалқа); 200 метрлік атыс алаңы (тир); 25-30 метрлік тир; бір ауысым жасөспірімдерінің бір мезгілде сапқа тұруын және екі взводпен бірдей саптық әзірлік жүргізуді қамтамасыз ететін сапқа тұру алаңы; екі взводқа бір класс (қалқа) есебімен кластар (қалқалар); жүгіруге арналған жолдары бар спорт қалашығы; футбол алаңы; гимнастикалық қалашық; екі бағытқа бағытталған бірыңғай кедергілер алаңы; волейбол, баскетбол, қол добы, стол теннисі алаңдары; табиғи суаттардағы ашық немесе "ОСВОД" үлгісіндегі жиналмалы-құрастырмалы бассейн; сақшы міндеттерін практикалық зерделеуге арналған алаң; рота бойынша кезекшінің қызметін нақты атқаруы үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ішкі қызметінің Жарғысына сәйкес жабдықталған орын қ ұ р а й д ы .

ҚССЛ-ін құрал-саймандармен, керек-жарақтармен, оқу құралдары және басқа мүліктермен қамтамасыз етуді Бағдарламаға қосымша Типтік тізім бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Макеттерді - Калашников автоматының көшірмелерін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі арқылы ақы төлеп алады.

67. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оқу-дала жиындарында бастапқы әскери даярлық оқу-сабақтарын жүргізу үшін ҚССЛ-ін жаттығу қару-жарағымен, шағын калибрлі винтовка және оның патрондарымен, инженерлік қару-жарақ құралдары және жеке қорғану құралдарымен, радиациялық және химиялық барлау приборларымен Бағдарламаға қосымша Табель бойынша тегін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үлес беруші органдары қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне жаттығу қару-жарақтары мен шағын калибрлі винтовкалар мен патрондарды әскери комиссариаттар арқылы береді. Оларды алу, беру, әскери комиссариаттарға дейін тасымалдау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамаларында, бөлімдері мен мекемелерінде атыс қарулары мен оқ-дәрілерді есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және беру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 1994 жылғы 9 тамыздағы N 151 бұйрығы)

68. ҚССЛ-дің табельдік жаттығу қару-жарақтары мен техникасы оқу-дала жиындарынан бос уақытта әскери комиссариаттарға сақтау үшін тапсырылады. Әскери комиссариаттарға қару-жарақ пен техниканы жеткізу тәртібін аудан (қала) Әкімі белгілейді. Жаттығу қару-жарақтарын, шағын калибрлі винтовкалар мен оның патрондарын есепке алу, сақтау, сондай-ақ оларды ҚССЛ-дегі өтетін оқу-сабақтарына беру "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің

құрамаларында, бөлімдері мен мекемелерінде атыс қарулары мен оқ-дәрілерді есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және беру жөніндегі Нұсқаулыққа" (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1994 жылғы 9 тамыздағы N 151 бұйрығы) сәйкес қатаң жүргізіледі.

ҚССЛ-ін қаржыландыру және қызметкерлерге еңбек ақы төлеу

69. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерін қамтамасыз етуге кеткен шығындар аудан (қала) Әкімінің осы мақсаттарға бөлген қаражаты есебінен алдағы жылға бекіткен сметасы бойынша жүргізіледі.

70. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жалпы білім беретін мектептердегі жоғары класс оқушыларының мектеп, сауықтыру, қорғаныс-спорттық, еңбек және демалыс лагерлерінің қызметкерлеріне көзделген тәртіп пен шарт бойынша жүргізіледі.

Сонымен қызметтік еңбек ақы:

қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің бастығына - лагерь бастығының жалақысы мөлшері деңгейінде белгіленеді;

әкімшіліктің басқа қызметкерлеріне берілетін жалақы мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің барлық бюджеттік салаға белгіленген тәртібімен р е т т е л е д і .

Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлері бастығының, оның орынбасарларының, взвод және бөлімше командирлерінің лагерде атқаратын қызметі бойынша лауазымдық жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша алатын еңбек ақысынан төмен болған жағдайда, негізгі жұмыс орнындағы еңбек ақысы 50 проценттік үстеме ақымен сақталады.

Белгіленген жұмыс уақытынан тыс артық істеген еңбегі үшін оларға айлық жалақысының (лауазымдық жалақысының) 15 проценті мөлшерінде қосымша а қ ы т ө л е н е д і .

ҚССЛ-де жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлық сабақтарын өткізу үшін тартылған штаттан тыс мамандарға еңбек ақы взвод командиріне берілетін жалақы мөлшері есебінен педагогикалық жұмыстың нақты көлеміне төленеді.

71. ҚССЛ-дегі оқу-дала жиындарына тартылған жасөспірімдерді тамақтандыру тегін жүргізіледі. Олар республикалық әскери мектеп-интернаттарының оқушылары үшін белгіленген тамақтандыру шығындарының ақшалай есеп нормасын пайдаланады.

ҚССЛ-дегі есепке алу және есептілік жұмыстары

72. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде бухгалтерлік есеп жүргізіледі және есептілік жасалады.

Аудан (қала) Әкімі азық-түліктің келіп түсуін, сақталуын және дұрыс жұмсалуды, жабдықтардың, керек-жарақтардың, оқу құралдары мен басқа да мүліктердің, жаттығу қару-жарағының, шағын калибрлі винтовканың, инженерлік қару-жарақ құралдары мен жеке қорғану құралдарының нақты қанша екендігін, есебін, есеп құжаттарының жағдайын үнемі тексеруді қамтамасыз етеді.

73. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің жұмысы аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы органның комиссиясы материалдық құндылықтардың, жаттығу қару-жарақтарының, шағын калибрлі винтовкалар мен оның патрондарының, инженерлік қару-жарақ құралдары мен жеке қорғану құралдарының барлық түрлерін міндетті түрде түгендей отырып, оның қаржылық-шаруашылық қызметіне құжаттық тексеру жүргізеді.

IX. Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

74. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бастапқы әскери даярлықты жүргізу үшін оқу орындары мен ҚССЛ-ін табель және норма бойынша жаттығу миаларымен, гранаталарымен, кішкене жол күректерімен және жеке қорғану құралдарымен, радиациялық және химиялық барлау мен дозиметриялық тексеру аспаптарымен өтеусіз қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ҚССЛ-ін жаттығу қару-жарағымен, шағын калибрлі винтовка және оның патрондарымен қамтамасыз етеді.

75. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үлес беруші органдары қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне жаттығу қару-жарақтарын, техника мен шағын калибрлі винтовкалар мен патрондарды әскери комиссариаттар арқылы береді.

76. Әскери комиссариаттардың жаттығу қару-жарақтарын, оқу құралдары мен техникаларын сұратып алуы Қорғаныс министрлігінің үлес беруші органдарына жыл сайын 1 қазанда ұсынатын оқу мүліктері мен техникаларының әрбір түрі бойынша жеке-жеке жылдық есеп-тапсырыс жөніндегі Табельде көзделген мөлшер мен мерзімге сәйкес жүргізіледі.

77. Әскери комиссариаттардың әскери бөлімдер қоймаларынан жаттығу қару-жарақтарын, оқу құралдары мен техникаларын беру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі үлес беруші органдарының наряды (жүк

беру құжаттамасы) бойынша жүргізіледі. Оқу құралдары мен техника жинақталған түрде техникалық құжатпен бірге (суреттермен, сызбамен, нұсқаулықтармен және т.б.) беріледі.

78. Жаттығу қару-жарақтарын, оқу құралдары мен техниканы алуды әскери комиссариат өкілдері өздерінің жеке басын куәландыратын сенімхат пен құжаттарды (паспорт, жеке куәлігі) көрсеткен соң жүзеге асырады.

79. Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығын өткізуге арналған жаттығу қару-жарақтарын, оқу құралдары мен техниканы тасымалдау әскери тасымалдау үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Тасымалдау төлемі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сметасы баптарының кредиттері есебінен жүргізіледі.

Әскери комиссариаттардан ҚССЛ үшін жаттығу қару-жарақтарын, оқу құралдары мен техниканы жеткізу әкімшілік органдарының күші мен қаражаты арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үлес беруші органдары мен әскери бөлімдері қоймаларынан оқу мүліктері мен техниканы жіберу оларды әскери комиссариаттар өкілдері қабылдап алғаннан кейін немесе өкілдердің қабылдануынсыз алушының жазбаша келісімі бойынша жүргізіледі.

Жаттығу қару-жарақтары мен техникасын тасымалдауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі үлес беруші органдарының өтінімі бойынша әскери қатынас қызметінің бастығы жоспарлайды.

80. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті оқу орындары мен ҚССЛ-ін олардың өтінімдері бойынша азаматтық қорғаныс мүліктерімен білім беру және атқарушы органдардың қаржысы есебінен қамтамасыз етеді.

81. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі оқу орындары мен ҚССЛ-ін өтінімдері бойынша медициналық-санитарлық даярлық жөніндегі табельдік медициналық мүліктермен өздері қарауына жататын министрліктер мен ведомстволар қаражаты есебінен бағынысындағы денсаулық сақтау органдары арқылы қамтамасыз етеді.

82. Оқу орындарында бастапқы әскери даярлық Бағдарламасына сәйкес оқу-материалдық база құрылады және ол үнемі жетілдіріліп отырылады. Оған: бастапқы әскери даярлық кабинеті (класы); бастапқы әскери даярлық, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғаныс бойынша арнаулы мүліктерді сақтау бөлмесі; саптық әзірлік оқу-сабақтарын өткізу алаңы, кезекші міндеттерін практикалық зерделеу орны, дене тәрбиесі сабағына арналған орын, оқу-көрнекі құралдары мен оқытудың техникалық жабдықтары жатады.

Х. Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығына бақылау жасау

83. Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығына бақылау жасауды:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Жастар ісі, туризм және спорт министрліктерімен бірге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоспарлары бойынша;

атқарушы органдардың жоспарлары бойынша;

төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалармен, білім беру және денсаулық сақтау органдарымен бірге жастар ісі, туризм және спорт комитеті өкілдерінің қатысуымен әскери комиссариаттар (жеке мәселелер бойынша дербес) жүзеге асырады.

Қарауында оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ жергілікті жерлердегі оларға бағынатын органдар жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығына бақылау жасауды өз жоспарлары бойынша жүзеге асырады.

84. Оқу орындарында жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлық жағдайы, сондай-ақ қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде жасөспірімдердің оқу-дала жиындарының ұйымдастырылуы мен өткізілуі қажет болған жағдайда тексеріледі.

Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығының жағдайы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған оқу орындары бір жылдан кейін қайта тексеріледі. Оқу орындарында жасөспірімдердің Бағдарламаны меңгеру сапасы мен оқу-материалдық базасының жағдайы тексеріледі. Бұдан басқа мынадай мәселелер:

Бағдарламаның орындалуы;

бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының әдістемелік даярлығы мен оқу орны директоры тарапынан бастапқы әскери даярлыққа басшылық жасаудың жағдайы зерделенеді.

85. Оқу-орындарындағы жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығының жағдайына жалпы баға беру жасөспірімдердің Бағдарламаны меңгеру сапасына және осы даярлықты өткізу үшін оқу-материалдық базасының жай-күйіне берілген бағадан шығарылады.

Осы мәселелерді тексеру және баға беру негізінде, бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушыларының оқу Бағдарламасын орындауын, оқу сабақтарын сапалы өткізуін есепке ала отырып, мектеп директоры тарапынан бастапқы әскери даярлыққа басшылық жасау деңгейі, бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушы-оқытушысының кәсіптік және әдістемелік даярлығы жөнінде

қ о р ы т ы н д ы

ж а с а л а д ы .

86. 10, 11 кластардағы (2-3 курстардағы), кем дегенде бір взводты (20-25 адам) құрайтын жасөспірімдердің Бағдарламаның өткен материалдарын меңгеру сапасы, әдетте жеке баға қоюмен тексеріледі.

Бір взводты тексеру үшін бастапқы әскери даярлыққа бөлінген оқу уақытының кем дегенде үш сағаты беріледі. Жеке баға алу үшін жасөспірім бір тексеру сауалына жауап береді және Бағдарламаның бір бөлімі бойынша бір практикалық жұмысты (нормативті) орындайды.

Практикалық жұмыстың (нормативтің) орындалуына берілген баға айқындаушы болып табылады.

Жасөспірімдердің алған жеке бағалары негізінде Бағдарламаны меңгеру сапасы үшін оқу орындарына мынадай:

егер тексерілген барлық оқушылардың кем дегенде 90 проценті дұрыс баға, оның ішінде 50 проценті "үздік" деген баға алғанда - "үздік";

егер тексерілген барлық оқушылардың кем дегенде 80 проценті дұрыс баға, оның ішінде 50 проценті "үздік" және "жақсы" деген бағалар алғанда - "жақсы";

егер тексерілген барлық оқушылардың кем дегенде 70 проценті дұрыс баға алғанда - "қанағаттанарлық";

егер тексерілген барлық оқушылардың кем дегенде 30 проценті қанағаттанарлықсыз баға алғанда - "қанағаттанарлықсыз" деген баға беріледі.

87. Оқу орны оқу-материалдық базасының жағдайы:

егер арнайы жабдықталған бастапқы әскери даярлық кабинеті, бастапқы әскери даярлық, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғаныс бойынша арнаулы мүліктерді сақтау бөлмесі, саптық әзірлік сабақтары алаңы, кезекші міндеттерін практикалық зерделеу орны, дене тәрбиесі бойынша оқу-жаттығу орны бар болса; табельдік оқу-мүлкі мен техниканы сақтау және есепке алу белгіленген талаптарға сәйкес қатаң түрде ұйымдастырылса - "үздік";

егер "үздік" деген бағаға сай оқу-материалдық базаның барлық элементтері болып, бірақ кезекші міндеттерін практикалық зерделеу орны толық жабдықталмаған болса, оқу мүлкі мен техниканы сақтау және есепке алу белгіленген талаптарға сәйкес қатаң түрде ұйымдастырылса - "жақсы";

егер "үздік" деген бағаға сай оқу-материалдық базаның барлық элементтері болып, бірақ мүліктерді сақтау бөлмесі, кезекші міндеттерін практикалық зерделеу орны толық жабдықталмаса, оқу мүлкі мен техниканы сақтау және есепке алу белгіленген талаптарға сәйкес қатаң ұйымдастырылса - "қанағаттанарлық";

егер барлық тиісті элементтердің үш немесе одан да көп элементтері жабдықталмаса, "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланады.

88. Оқу орындарындағы шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы

жасөспірімдерді бастапқы әскери даярлаудың жалпы жағдайы:

егер оқып жүргендердің Бағдарламаны меңгеру сапасы "үздік" деп бағаланса, ал оқу-материалдық базасының жағдайы "жақсы" деген бағадан төмен болмаса - " ү з д і к " ;

егер оқып жүргендердің Бағдарламаны меңгеру сапасы "жақсы" деп бағаланса, ал оқу-материалдық базасының жағдайы "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен болмаса - " жа қ с ы " ;

егер оқып жүргендердің Бағдарламаны меңгеру сапасы, оқу-материалдық базасының жағдайы "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен болмаса - " қ а н а ғ а т т а н а р л ы қ " ;

егер көрсеткіштердің бірі "қанағаттанарлықсыз" болса - "қанағаттанарлықсыз " д е п б а ғ а л а н а д ы .

Жеке мәселелерді тексеру кезінде оқу орнындағы бастапқы әскери даярлықтың жағдайына жалпы баға қойылмайды. Тексеру аяқталған соң талдау ж а с а л а д ы .

Оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлықтан өтпеген шақырылу жасындағы жасөспірімдермен жүргізілетін оқу-дала жиындарын тексеру кезінде қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріндегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру деңгейі, оқу-материалдық базасының Бағдарламаға сәйкес келуі, ішкі тәртіп жағдайы мен күн тәртібінің орындалуы, тиісті атқарушы органдар, әскери комиссариаттар, жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитеттер тарапынан осы жиындарға оқу-әдістемелік басшылық жасаудың деңгейі жайлы қорытынды жасалады. Жасөспірімдердің білім сапасы мен дағдысы тек Бағдарламада көзделген тексеру сабақтарында ғана тексеріледі.

89. Оқу орындарындағы жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлық, сондай-ақ аудан, қала, облыстардағы қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлерінде жасөспірімдермен оқу-дала жиындарын ұйымдастыру мен өткізу жағдайын тексерудің нәтижелері жөнінде тексеру қорытындысының актісі жасалынады және қарауында осы оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің қатысуымен талдау жүргізіледі.

Тексерудің нәтижелері жергілікті атқарушы органдарға хабарланады. Актілер (бір данадан) республика, облыс әскери комиссарларына, ал әскери комиссариаттардың комиссиялары тексерген кезде қалалық, аудандық әскери комиссарларға жіберіледі. Кез келген комиссияның тексеру жөніндегі барлық актілері (бір дана) қарауында оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволарға жіберіледі.

Жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығы жайлы Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жүргізген тексерудің нәтижелері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жеткізіледі, ал, Қазақстан

Республикасының Қорғаныс министрлігі өздері жүргізген тексерудің қорытындыларын Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне хабарлайды.

Жеке мәселелер бойынша тексеруді өткізу кезінде оқу орындарындағы жасөспірімдердің бастапқы әскери даярлығын, ҚССЛ-дегі оқу-дала жиындарын тексеруге нұсқау берген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары оқу орындары және әскерден тыс даярлау бөлімі бастығының атына анықтама - баяндама дайындалады.

90. Жасөспірімдерді бастапқы әскери даярлау мәселелері жөніндегі қызметтік қатынас хаттары бағыныстығы бойынша қатаң түрде жүргізіледі.

Әскери комиссариаттар, білім беру органдары өткен оқу жылындағы жастардың бастапқы әскери даярлығы жөніндегі қорытынды баяндамаларды бағыныстығы бойынша, ал қарауында оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне жыл сайын 30 қыркүйекте ұсынады.